

Мемлекеттік органдардың архитектураларын өзірлеу, іске асырылуын қолданап отыру және дамыту қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 желтоқсанда № 14523 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 193/НҚ бұйрығымен

**Ескерту.** Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 12.08.2019 № 193/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заны 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдардың архитектураларын өзірлеу, іске асырылуын қолданап отыру және дамыту қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде ақпараттандыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2)

және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жуктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
К. Бишимбаев

2016 жылғы 10 қараша

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2016 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 159 бүйрығымен бекітілді

## **Мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың архитектурасын әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту тәртібін айқындайды.

2. Ережелер "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық ақпараттық ресурстарына, ақпараттық жүйелерге және құрамында мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтері бар, оларды өндейтін және (немесе) тапсыратын ақпараттық-коммуникалық инфрақұрылымына қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйелердің архитектурасы – мемлекеттік функцияларды автоматтандыратын және олардан туындастын мемлекеттік қызметтерді көрсететін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің, қолданбалы

бағдарламалық өнімдердің, олардың өзара іс-қимыл процестерінің және мемлекеттік органның функционалдық мүмкіндіктеріне қатынасының сипаттамасы болып табылатын мемлекеттік орган архитектурасының жігі;

2) ақпараттық жүйелер интеграциясының моделі – өзара ақпараттық іс-қимылдарды стандарттауға және деректердің қайталанбауына арналған ақпараттық жүйедегі өзара іс-қимылдарының, форматтардың және іс-қимыл тәсілдерінің өзара іс-қимыл нұктелерінің жиынтығының көрінісі;

3) ақпараттық жүйелердің моделі – кешендерге топталған және мемлекеттік органдардың қызмет бағыттары бойынша бөлінген, ақпараттық жүйе жиынтығын сипаттауға және олардың арасындағы қызылыхасындарды анықтауға арналған ақпараттық жүйелердің көрінісі;

4) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның архитектурасы (бұдан әрі – АК-инфрақұрылым) – бағдарламалық өнімдердің, аппараттық-бағдарламалық кешендердің, телекоммуникация желілерінің, ақпараттық қауіпсіздік құралдары және инженерлік инфрақұрылымның сипаттамасы болып табылатын мемлекеттік орган архитектурасының жігі;

5) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым моделі – физикалық серверлік алаңдар бойынша топтастырылған және өзара топологиялық байланыс желілері арқылы байланысқан ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым компоненттерінің көрінісі;

6) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ведомствоаралық жоба (бұдан әрі – салалық АКТ-жобасы) - ақпараттық-коммуникациялық технология саласында бірнеше мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жоба;

7) ақпараттық-коммуникациялық технология саласындағы ведомствоішілік жоба (бұдан әрі – ведомствоішілік АКТ-жоба) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында бір мемлекеттік орган жүзеге асыратын жоба;

8) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жоба (бұдан әрі – АКТ жобасы) – бюджет қаражатының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының занмаларымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерініңесебінен қаржыландырылатын ақпараттандыру обьектілерін құру, дамыту және қызмет көрсетуі бойынша экономикалық негізделген жұмыстар кешені;

9) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобалық құжаттар жобасы (бұдан әрі – жобалық құжаттар) –инвестициялық ұсыныстан, қаржы-экономикалық негізdemeden, мемлекеттік-жекешелікәріптестік жобасының тұжырымдамасынан және бюджеттік инвестициялардың техникалық-экономикалық негізdemесінен тұратын, құрамында жобаның техникалық-экономикалық параметрлерін, іске асыру мақсаттылығын, сонымен қатар негізгі техникалық, технологиялық және өзге шешімдерді ашатын

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобаның сипаттамасы бар құжаттар жиынтығы;

10) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобалар портфелі (бұдан әрі – АҚТ жобалар портфелі) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында олардың жүзеге асырылуын тиімді басқару мақсатында біріктірілген жобалар жиынтығы;

11) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы салалық жоба (бұдан әрі – салалық АҚТ-жоба) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында коммерциялық кәсіпорындар мен бюджеттік ұйымдардың қатысуымен белгіленген саланың (сфераның) уәкілетті мемлекеттік органы іске асыратын жоба;

12) ақпараттық қамтылым – шешім қабылдау үшін пайдаланылатын құжаттардың, деректер мен электрондық ақпараттық ресурстардың қол жетімділігін сапалық бағалау шарасы;

13) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

14) ақпараттық өзара іс-қимыл – мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің, мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының, өзге де мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың арасындағы мәліметтер мен ақпараттар алмасу процесі;

15) ақпараттық өзара іс-қимыл моделі – мемлекеттік органдардың өзара ақпараттық іс-қимылдарының басымдықтарын анықтау, стандарттау және онтайланыруға арналған мемлекеттік ақпараттық өзара іс-қимыл көрінісі;

16) деректер архитектурасы – ақпараттық ресурс ииспаттамасы болып табылатын, ақпараттық өзара іс-қимыл деректері, сондай-ақ деректерді және оларды басқару туралы мәліметтер бар ақпараттық ресурстар енгізілген мемлекеттік органның архитектура жігі;

17) деректер моделі – мемлекеттік органның үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі деректер, олардың жағдайы мен өзара байланысы;

18) қызмет архитектурасы – стратегиялық басымдықтарды, мақсаттарды, міндеттерді, ұйымдастыруыш құрылымды, қызметінің бағытын, функционалдық мүмкіндігін, мемлекеттік органның функциялары мен қызметтерін сипаттайтын мемлекеттік орган архитектурасының жігі;

19) қызмет моделі – мемлекеттік орган жұмысының негізгі қағидаттарын сипаттауға арналған құрылымдық, операциялық және қаржылық тетіктері, оның жұмысы мен қызметінің негізгі нәтижелерінің көрінісі;

20) қызмет уәждемесінің моделі – мемлекеттік органның қажетті өзгерістерін жүзеге асыруға арналған мемлекеттік органның өзара байланыс құралдары және қол жеткізу тәсілдері, борышы, мақсаттары мен міндеттерінің көрінісі;

21) мемлекеттік орган архитектурасының ағымдағы жағдайы (бұдан әрі – ағымдағы архитектура) – белгілі уақыт мезетіндегі мемлекеттік орган архитектурасы компоненттерінің мемлекеттік органның қазіргі қажеттіліктерін қолдау үшін пайдаланылатын және олардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсететін ұсынымдар жиынтығы және ол ұзақ мерзімді жоспарлау мен қысқа мерзімді өзгерістер үшін негіз болып табылады;

22) мемлекеттік орган архитектурасының ауқымы – (бұдан әрі – архитектура ауқымы) – құрылымдық бөлімшелерінің және қарамағындағы ұйымдардың санымен, мемлекеттік органның архитектуралық жіктерімен, компоненттерін нақтылау мен мемлекеттік органның архитектурасын ұсынумен, сондай-ақ жоспарланған өзгерістердің уақытша шегімен сипатталатын мемлекеттік органның архитектурасын әзірлеу және дамыту жөніндегі жұмыстардың шекарасы;

23) мемлекеттік орган архитектурасын басқару жөніндегі процестің дайындық деңгейін бағалау – мемлекеттік орган архитектурасы ауқымының әділ бағасын анықтауға және іске асырудың тиімділігіне бағытталған және кемшіліктерін, жетіспеушіліктерін және жетілдірудің келешегін анықтауға мүмкіндік беретін іс-шаралардың жиынтығы;

24) мемлекеттік орган архитектурасының жүзеге асырылуын қолдау (бұдан әрі – архитектураның жүзеге асырылуын қолдау) – мемлекеттік орган архитектурасының сәйкестігін, мемлекеттік орган архитектурасын басқару және мемлекеттік орган архитектурасында бекітілген өзгерістерді басқару жөніндегі процестердің дайындығын бағалау, мемлекеттік орган архитектурасын жүзеге асыруды тиімді басқару жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

25) мемлекеттік орган архитектурасының жігі (бұдан әрі – архитектура жігі) – мемлекеттік органның қызметін, немесе деректерін, немесе ақпараттық жүйесін немесе АК-инфрақұрылымын сипаттау арқылы мемлекеттік органның жағдайы мен бір болашағын сипаттайтын мемлекеттік органның құрамдас бөлігі;

26) мемлекеттік орган архитектурасының компоненті (бұдан әрі – архитектура компоненті) – мемлекеттік орган қызметіндегі бір объектінің ағымдағы және (немесе) жоспарланған жағдайын көрсететін мемлекеттік орган архитектурасының элементі;

27) мемлекеттік орган архитектурасының мәнмәтіні (бұдан әрі – архитектура мәнмәтіні) – мемлекеттік органның архитектурасын әзірлеу және дамыту шенберінде мемлекеттік орган қызметінің ішкі және сыртқы жағдайы;

28) мемлекеттік орган архитектурасының нысаналы (жоспарланған) жағдайы (бұдан әрі – мақсатты архитектура) – қызмет нәтижелерінің көрсеткіштерін жақсартуға және мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжаттары нәтижелері көрсеткіштерінің мақсатына, міндеттеріне, және нысаналы индикаторларына жетуге бағытталған қажетті өзгерістерін анықтау үшін пайдаланылатын мемлекеттік орган архитектурасының жоспарланған компоненттер жиынтығын және олардың арасындағы қарым-қатынасты көрсететін ұсынымдар жиынтығы;

29) мемлекеттік орган архитектурасы мен ақпараттық-коммуникациялық технология саласындағы жобаның мүдделі тараптары (бұдан әрі – мүдделі тарап) – мемлекеттік органның архитектурасын әзірлеу немесе дамыту міндетіне жататын, мемлекеттік органның архитектурасынан, немесе архитектуралың жекелеген компоненттерінен және ақпараттық-коммуникациялық технология саласындағы жобадан нәтиже қүтетін және мүдделі заңды тұлға (мемлекеттік заңды тұлға, қазыналық кәсіпорын, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын, квазимемлекеттік сектор субъекті);

30) мемлекеттік орган архитектурасының моделі (бұдан әрі – архитектура моделі) – мемлекеттік орган архитектурасының графикалық формат түрінде ұсынылған компоненттері;

31) мемлекеттік орган архитектурасына сәйкестігін бағалау (бұдан әрі – архитектураға сәйкестік бағасы) – бекітілген мемлекеттік орган архитектурасын әзірлеу, жобалау сатысында, техникалық және конкурстық құжаттары, ақпараттандыру объектісінде жүзеге асыру мен енгізу кезеңдерінде ақпараттандыру объектісі "электрондық үкімет" объектісінің құрылымы мен мазмұнына сәйкестігін бағалау;

32) мемлекеттік орган архитектурасының сегменті (бұдан әрі – архитектура сегменті) – мемлекеттік органның, оның құрылымдық бөлімшесінің қызметіндегі бір немесе бірнеше бағыт немесе мемлекеттік органның мүмкіндігі туралы сипаттамасына қатысты мемлекеттік орган архитектурасының барлық жіктерінің сипаттамалары бар мемлекеттік орган архитектурасының құрамдас бөлігі;

33) мемлекеттік органның архитектурасын ұсыну (бұдан әрі – ұсыну) – архитектуралың бір немесе бірнеше компоненттерінің және олардың арасындағы қатынастардың, белгілі бір көріністерінің құрылымын, жағдайын және іс-әрекетін және (немесе) мемлекеттік орган архитектурасының мақсатын сипаттау үшін пайдаланатын тізім, таблица және модель түріндегі сипаттамасы;

34) мемлекеттік орган архитектурасының шаблоны (бұдан әрі – архитектура шаблоны) – "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісін жобалау жөніндегі біркелкі міндеттерді атқару шеңберінде мемлекеттік орган архитектурасы компоненттерін жүзеге асырудың оңтайлы құралдарын тандау;

35) мемлекеттік органның архитектурасын шектеу (бұдан әрі – шектеу) – мемлекеттік органның архитектурасына жүктелген ведомствоішілік немесе сыртқы лимиттер, талаптар немесе шарттар;

36) мемлекеттік орган архитектурасын іске асыруды мониторингілеу - мемлекеттік орган архитектурасын іске асыру барысы туралы ақпаратты тұрақты және жүйелі жинау және сараптау жөніндегі, сонымен қатар, мемлекеттік орган архитектурасының бекітіліп жоспарланған нәтижелерінің жеткен жетістіктерінің бағасын және мемлекеттік орган архитектурасын іске асыру жұмыстары барысында сервистік интегратор есебін құру кезінде есепке алынатын ақпаратты-коммуникациялық технологиялар саласындағы кейбір жобалардың олардың іс жүзіндегі орындалу нәтижелерімен салыстырғанда жеткен дәрежесін бағалау жөніндегі шаралардың жиынтығы;

37) мемлекеттік орган мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобаның мұдделі тараптарының құтетіні (бұдан әрі – мұдделі тараптың құтетіні) – мемлекеттік органның қызметін оңтайландыруға және автоматтандыруға немесе мұдделі бір немесе бірнеше тарапқа аса маңызды болып табылатын ақпараттандырудың өзге аспектілеріне қатысты ортақ қажеттіліктер мен мұдделер;

38) мемлекеттік органның функционалдық моделі – мемлекеттік органның құзыретін сипаттау үшін мемлекеттік орган қызметтерінің бағыттары бойынша оның функционалдық мүмкіншіліктің қызметтік иерархия бойынша ұсыну;

39) мемлекеттік органның функционалдық мүмкіндігі (бұдан әрі – функционалдық мүмкіндігі) – мемлекеттік орган қызметінің белгілі қызмет түрлерін орындау мүмкіндігі барлығын сипаттауға арналған мемлекеттік функциялар мен олардан туындастырылған қызметтер, ақпараттандыру объектілері, адами ресурстардың, нормативтік-құқықтық қамтамасыздандырдың, ұйымдастыру бірліктерінің топтастандырылған бірегей жиынтығы;

40) функционалдық мүмкіндіктің жағдайын бағалау – мемлекеттік органның қызмет нәтижелерін жақсарту мүкіндігінің бағасын алуға бағытталған, сонымен қатар, мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжаттары нәтижелері көрсеткіштерінің мақсатына, міндеттеріне, мақсатты индикаторларына жету шараларының жиынтығы;

41) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы (бұдан әрі – сервистік интегратор) – "электрондық үкіметтің" архитектурасын және "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ осы Занда көзделген өзге де функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын занды тұлға;

Осы Қағидаларда қолданылатын өзге де түсініктер мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

4. Мемлекеттік органның архитектурасы (бұдан әрі – архитектура) келесі міндеттерді шешуге арналған:

- 1) мемлекеттік органды ақпараттандырудың ұзак мерзімді жоспарын қалыптастыруға;
- 2) мемлекеттік органды ақпараттандыруға шығындардың басымды бағыттарын анықтауға;
- 3) мемлекеттік органды ақпараттандыруға шығындардың тайландыруға;
- 4) ақпараттандыру обьектілерін қайталамауға және мемлекеттік органды немесе бірнеше мемлекеттік органдармен ақпараттандыру обьектілерін бірлесе пайдалану мүмкіндіктерін құруға;
- 5) мемлекеттік органның мемлекеттік функцияларын автоматтандырудың оңтайлы деңгейі мен форматын анықтауға және олардан туындастын мемлекеттік қызметті көрсетуге;
- 6) мемлекеттік органды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оңтайлы таңдауды және тиімді енгізу ді қамтамасыз етуге.

5. Архитектура мынадай архитектура қабаттарынан тұрады:

- 1) қызмет архитектурасы;
- 2) деректер архитектурасы;
- 3) ақпараттық архитектура жүйесі;
- 4) АК-құрылымы архитектурасы.

6. Архитектура қабаттары ағымдағы архитектурамен нысаналы архитектураны сипаттаудан тұрады.

7. Нысаналы архитектура мемлекеттік органның қызметін ақпараттандырудың бес жылдық жоспарын көрсетеді.

8. Архитектураны қалыптастыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:
- 1) архитектураны әзірлеуді және дамытуды бастамалау;
  - 2) архитектураны әзірлеу;
  - 3) архитектураны іске асыру;
  - 4) архитектураны дамыту.

9. Сервистік интегратор "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында (бұдан әрі – архитектуралық портал) архитектураның компоненттері туралы мәліметтерді орналастырады.

10. "Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасы мыналардан тұрады:

- 1) жергілікті атқарушы органдарды ақпараттандырудың мақсаттық индикаторларының үлгілік жиынтығынан;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға қойылатын (бұдан әрі – АК-инфрақұрылымы) функционалдық емес талаптардың үлгілік жиынтығынан және АК-инфрақұрылымы құрауыштарының үлгілік құрамынан;
- 3) құрамына кіретін үлгілік жиынтығынан.

жергілікті атқаруши органдардың функционалдық мүмкіндіктері және оларды автоматтандырудың тиімді, стандарттық тәсілдерін сипаттау;

ақпараттық ресурстар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқаруши органдар, мемлекеттік органдар және жергілікті атқаруши органдар арасындағы мәліметтерді жүргізуге, басқаруға және алмасуға тәсілдерді сипаттау;

автоматтандыру салаларын сипаттау және жергілікті атқаруши органдардың функционалдық мүмкіндіктерін автоматтандыруға бағытталған бағдарламалық өнімдерге қойылатын функционалдық талаптар;

11. "Электрондық әкімдіктің" ұлгілі архитектурасын "электрондық үкіметтің" архитектурасының қурауышы ретінде дамытусервистік интегратормен келесі тәртіпте іске асырылады:

1) жергілікті атқаруши органдарды зерттеу жөнінде әдістемелік нұсқаулықтарды және Заңның 12-бабының 3) тармақшасында көзделген "электрондық үкімет" архитектурасының дамуын әдістемелік қамтамасыз етуді іске асыру шеңберінде "электрондық әкімдіктің" ұлгілік архитектурасын әзірлеуді бекіту;

2) "электрондық әкімдіктің" ұлгілік архитектурасын келесіде дамыту үшін әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқаруши органдарына зерттеу жүргізу;

3) "электрондық әкімдіктің" ұлгілік архитектурасының жобасын қалыптастыру.

12. "электрондық әкімдіктің" ұлгілік архитектурасын өзгерту жөнінде уәкілетті органның ұсыныстарын енгізу сервистік интегратормен мемлекеттік органның уәждемелі сұранымы негізінде іске асырылады.

13. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқаруши органының архитектурасы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандың маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтың жергілікті атқаруши органдарын қамтиды және жергілікті атқаруши орган қызметінің бағытын және әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, "электрондық әкімдіктің" ұлгілік архитектурасы негізінде әзірленеді.

## **2-тaraу. Архитектуралық маңыздылықтың тәртібі**

### **1-параграф. Архитектуралық маңыздылықтың тәртібі**

14. Архитектура осы қағидаларға және сервистік интеграторды қамтамасыз ету әдістемесіне сәйкес әзірленеді.

Бекітілген архитектура болмаған жағдайда, мемлекеттік орган архитектураны өзірлейді.

15. Архитектураны өзірлеу бастамасы мынадай сатылардан тұрады:

1) Қажеттілікті талдау және өзірлеу бастамасына еркін түрде жазылған өтінімді дайындау (бұдан әрі – өзірлеуге өтінім);

2) Өзірлеуге арналған өтінімді қарau.

16. Архитектураны өзірлеуге бастама күнтізбелік жылдың бірінші жартысында 1 қаңтар – 1 ақпан аралығында немесе екінші жартысында 1 маусым – 1 шілде аралығында іске асырылады.

17. Архитектураны өзірлеудің алғышарттары келесідей болуда:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылуы немесе қайта құрылуы;

2) мемлекеттік орган ақпараттануының ақпараттық-коммуникациялық технологияларын дамытудың стратегиясын, тұжырымдамасын және (немесе) ұзақ мерзімді жоспарын өзірлеу қажеттілігі;

3) мемлекеттік органның АК-инфрақұрылымын 2016 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының № 129 бүйрығымен бекітілген ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 13282 болып тіркелген) (бұдан әрі – ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидалары) сәйкес "электронды үкіметтің" АК-платформасына аудару;

4) мемлекеттік органның ақпараттандыру жүйелерін және (немесе) АК-инфрақұрылымын құру немесе дамыту қажеттілігі;

5) үш және одан да көп жылдар бойы мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану бағасының нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану бойынша бағалар критерийі мағынасының төмен сомасы болып табылады.

18. Мемлекеттік орган архитектураны өзірлеудің қажеттілігін талдау шенберінде:

1) архитектураны өзірлеу негіздемелерінің және жеделділігінің болуын анықтайды;

2) белгілі кезеңде бекітілген архитектура жоқ болған жағдайда, мемлекеттік орган үшін қолданыстағы және ықтимал кері салдарларды анықтайды.

19. Архитектураны өзірлеу үшін келесілер негіздеме болып табылады:

1) қаржыландырудың болуы;

2) мемлекеттік органмен өзірлеуге келісілген өтінім.

20. Архитектураны әзірлеудің шұғылдылығы келесілердің кідірусіздігімен және іске асыру мерзімдерімен негізделген:

1) мемлекеттік жоспарлау Жүйесінің құжаттарында бекітілген іс-шаралар мен бастамаларына;

2) Қазақстан Республикасы заңнамалары мен талаптарына.

21. Мемлекеттік орган қажеттілікті талдау нәтижелері бойынша қалыптастырады және еркін түрде жазылған өтінімді уәкілетті органға келісу үшін жібереді.

22. Мемлекеттік орган әзірлеуге арналған өтінімде:

1) архитектураны әзірлеуге арналған алғышарттарды көрсетеді және жүргізілетін жұмыстардың мерзімін негіздейді;

2) архитектураның функционалдық және технологиялық ауқымын сипаттайды.

23. Сервистік интегратор туындаған сұрақтарды түсіндірумен айналысады және әзірлеуге өтінім дайындау кезінде мемлекеттік органдарға кеңес береді.

24. Уәкілетті орган әзірлеуге берілген өтінімді ол түскен кезден он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырады.

25. Уәкілетті орган архитектураны әзірлеудің негізdemесін, қажеттілігін бағалайды және оның басымдылығын анықтайды.

26. Архитектураны әзірлеудің негізdemесі және шұғылдылығы болған жағдайда:

1) уәкілетті орган шұғылдылығы мен басымдылығына байланысты әзірлеудің мерзімдерін анықтайды;

2) уәкілетті орган архитектураны әзірлеудің мерзімдерін көрсете отырып, өтінім берген мемлекеттік органға негізделген жауап жібереді.

27. Архитектураны әзірлеуден бас тартудың негізdemесі болып архитектураны әзірлемеу себептері және (немесе) осы Қағидалардың 22-тармағының 1) тармақшасымен белгіленген жұмыстар жүргізу мерзімін негіздеудің болуы.

28. Архитектураны әзірлеу жөніндегі жұмыстарды атқару шығындарын жоспарлауды мемлекеттік орган 2016 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушысының № 274 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 13631 болып тіркелген) бекітілген акпараттандыру саласындағы тауарлар, жұмыстар, қызметтерді мемлекеттік сатып алу шығыстарын құру, ұсыну және қарастыру жөнінде нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді.

29. Архитектураны әзірлеу жөніндегі жұмыстардың қажетті көлемін сервистік интегратор мүдделі мемлекеттік органның сұрауы бойынша анықтайды

.

30. Архитектураны әзірлеу жөнінде қажетті шығындар көлемі мемлекеттік органның сәйкестендірілген жылға арналған бюджеттік өтініміне енгізіледі.

## **2-параграф. Архитектураның жобасын әзірлеу**

31. Орталық атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың архитектурасын, сервистік интегратор, осы Қағидаға, 2016 жылғы 28 қантардағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының № 124 бүйрығымен бекітілген "электрондық үкімет" архитектурасын дамыту бойынша қойылатын талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 13350 болып тіркелген) (бұдан әрі–сәйкес талаптар) сәйкес, сонымен бірге мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттемелерінің негізінде әзірлейді.

32. Жергілікті атқарушы органдарға арналған архитектураны, сервистік интегратор, Заңның 7-бабының 18) тармақшасына (бұдан әрі – Ұлгілік архитектура) сәйкес бекітілетін "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасының негізінде, осы Қағидаға, сондай-ақ Заңның 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес бекітілетін "электрондық үкімет" архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес, сонымен бірге мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттемелерінің негізінде әзірлейді.

33. Архитектураны әзірлеу процесінде мемлекеттік орган:

1) сервистік интеграторға архитектураны әзірлеуге қажетті ақпаратты жинауды және уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

2) архитектураны әзірлеу үшін қатысушылардың құзыретті және білікті құрамын қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік органның және ведомствоның бағыныстағы ұйымдар екілдерінің сұхбат беруі мен жиналыстарды өткізуге қатысуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік орган тараپынан архитектураны әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді;

5) архитектура жобасын келісуді және бекітуді ұйымдастырады.

34. Мемлекеттік орган жоғарыда аталғаннан басқа архитектураны әзірлеу барысында:

1) аумақты дамыту бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарына ақпараттындырудың жеке жобаларын және архитектураны жүзеге асыру бойынша іс-шараларды енгізуі қамтамасыз етеді;

2) уәкілдегі органға тоқсан сайынғы негізінде архитектуралық портал арқылы архитектураны жүзеге асыру мәртебесі жөніндегі ақпартты ұсынады;

3) аумақты дамыту бағдарламаны іске асыру жөніндегі есептемеліктің регламенттік рәсімдер аясында ақпараттындыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру туралы ақпарат ұсынады.

35. Архитектураны әзірлеуге қатысуышылардың құрамы мыналарды қамтиды:

1) мемлекеттік органның әрбір құрылымдық бөлімшесінен кем дегенде екіншілік, соның ішінде құрылымдық бөлімшениң басшысы немесе оның орынбасары;

2) ведомстволық бағыныстағы мұдделі ұйымдардың өкілдері;

3) уәкілетті органның өкілдері;

4) сервистік интегратордың архитектураны әзірлеуді тікелей іске асыратын өкілдері.

36. Архитектураны әзірлеу мынадай қағидаларға сәйкес іске асырылады:

1) негізділік – мемлекеттік орган ұсынған және архитектураны әзірлеуге қажетті шығыс ақпараттың толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету;

2) біртектілік – архитектураны әзірлеу немесе дамытудың бірыңғай қағидаларын, әдістерін және аспаптарын қолдану;

3) прагматикалық – әзірленген архитектураның анықтығы, пайдалылығы және іске асырылуы;

4) интеративтілік – архитектураны әзірлеу кезеңдерін қанағаттандыратын нәтижені алғанға дейін өткізу;

5) келісушілік – әзірленген архитектураның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі, архитектура қабаттарының өзара келісушілігі, архитектурада қайталанушы және қақтығыс тудыратын компоненттердің болмауы;

6) икемділік – архитектураның қажетті бөліктерінің ғана дербес жаңартылу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

7) ашықтық – архитектураны әзірлеудің барлық кезеңдерінде барлық мемлекеттік органдар мен мұдделі тараптар үшін архитектураны әзірлеу нәтижелерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету;

8) қатыстылық (бірлесіп авторлық ету) – бақылау және қажетті шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік органның басшылары мен қызметкерлерінің архитектураны әзірлеуге тұрақты қатысуын қамтамасыз ету;

9) хабардар ету - мемлекеттік органның және уәкілетті органның басшыларын архитектураны әзірлеудің мәртебесі туралы, сондай-ақ архитектураны әзірлеу барысында туындаған тәуекелдер мен проблемалар туралы тұрақты әрі жан-жақты ақпараттандыруды қамтамасыз ету.

37. Уәкілетті орган еркін түрдессервистік интеграторға архитектураны әзірлеу қажеттігі туралы хабарлама жолдайды.

38. Жұмыстарды жүргізуге қажетті қаржыландыру болған жағдайда, архитектураны әзірлеу, сервистік интегратор уәкілетті органнан архитектураны

әзірлеу қажеттігі туралы хабарлама алған күннен бастап сегіз айдан аспайтын мерзімде іске асырылады.

39. Архитектураны әзірлеу мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) архитектураны әзірлеуге дайындық;
- 2) архитектураның жобасын әзірлеу;
- 3) архитектураны іске асыруды жоспарлау;
- 4) архитектураны келісу және бекіту.

40. Сервистік интегратор архитектураны әзірлеуге мемлекеттік органнан қатысушыларға архитектураны әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту кезеңдеріне оқытады және әдіснамалық қамтамасыз етеді.

41. Архитектураның жобасын әзірлеу архитектураның қабаттарын келесі тәртіпте бірізді құру арқылы 8 айда іске асырылады:

- 1) қызметтің архитектурасын әзірлеу;
- 2) деректер архитектурасын әзірлеу;
- 3) ақпараттық жүйелердің архитектурасын әзірлеу;
- 4) АК-инфрақұрылымы архитектурасын әзірлеу.

42. Архитектураны әзірлеу кезіндегі әрекеттердің қайталануы архитектураның бірнеше немесе барлық қабаттары арасында, архитектураның бір қабаты аясында жүргізуі мүмкін.

43. Сервистік интегратор дайындық кезеңінде мемлекеттік органның архитектураны әзірлеу талаптары мен болжалдарын айқындайды, соның ішінде:

- 1) архитектураның мәнмәтіні;
- 2) қызметтің архитектураны әзірлеу арқылы шешілетін кемшіліктері мен шектеулері;
- 3) әзірленген архитектураның дұрыстығын және сапасын бағалаудың мақсаттары мен нысаналы көрсеткіштері;
- 4) мұдделі тараптың болжалдарын көрсете отырып, мұдделі тараптардың тізбесін.

44. Қызметтің архитектурасы архитектураның барлық қабаттарының компоненттеріне талаптарды қалыптастырады.

45. Қызметтің архитектурасын әзірлеу шенберінде сервистік интегратор келесі міндеттерді орындаиды:

- 1) мемлекеттік органның әзірленетін архитектураның мәнмәтініне сәйкес келетін, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көрсетілген мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштердің тізбесін айқындайды;
- 2) мемлекеттік орган қызметінің бағыттар тізбесін анықтайды;
- 3) мемлекеттік органның қызметі моделінің ағымдағы жай-күйін сипаттайты, қажет болған жағдайда мемлекеттік орган қызметінің жекелеген бағыттарын сипаттайты;

4) қызметтің әзірленетін архитектурасының мәнмәтініне сәйкес келетін моделін, міндеттерін, мақсаттарын және нысаналы көрсеткіштерін талдайды, сондай-ақ мұдделі тараптардың болжалдарын, мемлекеттік органның стратегиялық басымдықтарының тізбесін айқындайды және сыныптасты және қызметті уәждемелеу моделінің ағымдағы жай-күйін қалыптастырады;

5) құрылымдық бөлімшелердің ұйымдық құрылымын және ережесін талдайды, және нәтижелері бойынша мемлекеттік функцияларды және қызметтерді орталық мемлекеттік органға және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органға функционалдық мүмкіндіктер тізбесіне топтастырады немесе "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасына бейімдейді;

6) функционалдық мүмкіндіктер тізбесінен мемлекеттік органның функционалдық моделінің ағымдағы жай-күйін сипаттайты;

7) мемлекеттік органның функционалдық моделін стратегиялық басымдықтар тізбесімен теңестіреді және стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктер тізбесін айқындайды;

8) функционалдық мүмкіндіктер жай-күйін бағалауды жүргізеді;

9) қызметтің кемшіліктері мен шектеулерін функционалдық модельмен салыстырады және бөлшектейді, олардың туындауының ықтималды себептерін айқындайды;

10) архитектуралық үлгілерін басшылыққа ала отырып, оларды мемлекеттік органның функционалдық модельмен салыстыру арқылы мемлекеттік функцияларды оңтайландыру бойынша ұсыныстар тізбесін қалыптастырады және басымдылық тізімін анықтайды;

11) мемлекеттік органның қызметтің уәждемелеу моделінің, қызметмоделінің және функционалдық моделінің мақсатты жай-күйін қалыптастырады;

12) мұдделі тараптармен нәтижелерді талқылау үшін қызметтің архитектурасы түйінде демесін қалыптастырады.

46. Деректер архитектурасын әзірлеу шенберінде сервистік интегратор келесі міндеттерді орындауды:

1) функционалдық модельдің мақсатты жай-күйінің стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктері шенберінде құрылатын және қолданылатын ақпараттың (күжаттардың) тізбесін айқындайды және деректер моделінің ағымдағы жай-күйін сипаттайты;

2) мемлекеттік органның ақпараттық қамтамасыз етудің жоқтығы мен жеткіліксіз болуымен байланысты кемшіліктері мен шектеулерінің болуын, және олардың қызметтің нәтижесіне әсер ету дәрежесін айқындайды;

3) функционалдық мүмкіндіктерді автоматтандыру басымдықтарын айқындайды;

4) архитектуралың шаблоны және (немесе) "электрондық әкімдіктің" үлгі архитектурасын басшылықта ала отырып, автоматтандыру әдісіне қойылатын талаптарды айқындайды;

5) функционалдық модельдің мақсатты жай-күйінің стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктерін ақпараттық қамтамасыз ету талаптарын айқындайды;

6) мемлекеттік органның ақпараттық өзара іс-қимыл жасауының қолданыстағы ағымдарын айқындайды және ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың ағымдағы жай-күйін сипаттайды;

7) қолданыстағы ақпараттық қамтамасыз етудің осы тармақтың<sup>2)</sup> тармақшасының талаптарына сәйкестілік деңгейін айқындайды және архитектуралың шаблоны және (немесе) "электрондық әкімдіктің" үлгі архитектурасын басшылықта ала отырып, оны жақсарту бойынша мүмкіндіктерді айқындайды;

8) функционалдық модельдің мақсатты жай-күйінің ақпаратқа мұқтаждығын қамтитын құрылымдық бөлімшелер, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар немесе басқа да мемлекеттік органдар деңгейінде ақпарат көздерінің тізбесін айқындайды;

9) эталондық ақпарат көздері болмаған жағдайда, талдау жүргізу және оларда сақталатын деректердің сапасын әдістемеге сәйкес бағалау арқылы ақпарат көздерін іріктейді;

10) ақпараттық қамтамасыз етуді басқару, ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды оңтайландыру және бірізділеу, архитектура шаблондарын басшылықта ала отырып, ақпаратты жүргізу үшін жауаптылықты айқындау бойынша ұсыныстар тізбесін қалыптастырады және басымдылық береді;

11) деректер моделі мен ақпараттық өзара іс-қимыл жасау моделінің мақсатты жай-күйін қалыптастырады;

12) мұдделі тараптармен нәтижелерді талқылауға арналған архитектура түйіндемесін қалыптастырады.

47. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу шеңберінде сервистік интегратор келесі міндеттерді орындауды:

1) мемлекеттік органның сәйкес ақпараттық жүйелерінің тізбесі мен сипаттамасын айқындайды;

2) ағымдағы АКТ-жобаларды сипаттайды;

3) ақпараттық жүйелердің ағымдағы жай-күйін сипаттайды;

4) қолданыстағы және іске асыруды жоспарлайтын ақпараттық жүйелердің тізбесін функционалдық моделдің мақсатты жай-күйімен салыстырады және ақпараттық қамтамасыз ету сипаттамасына қойылатын талаптардың сәйкестігін айқындайды, стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктерді қамту

денгейін, функционалдық қайталаудың болуын және стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктерді автоматтандырудың ағымдағы жай-күйін айқындаиды;

5) Қағидалардың 46-тармағының 1) тармақшасына сәйкес белгіленген ақпараттар тізбесінен ақпараттың түрлерін айқындаиды, сақталатын деректердің болуын және ақпараттық жүйелерді интеграциялау мүмкіндіктерін айқындаиды;

6) ақпараттық жүйелерді интеграциялау моделінің ағымдағы жай-күйін сипаттайтын;

7) 2016 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушысының № 135 бүйрығымен бекітілген ақпараттық жүйелерді ақпараттандыру объектілерін жіктеу қағидаларына және ақпараттандыру объектілерін жіктеуішке (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 13349 болып тіркелген) (бұдан әрі – ақпараттық жүйелерді ақпараттандыру объектілерін жіктеу қағидаларына және ақпараттандыру объектілерін жіктеуіш) сәйкес ақпараттық жүйелерді жіктейдіжәне олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ақпараттық жүйе сыйныбына сәйкестігін айқындаиды;

8) ақпараттық қамтамасыз ету сипаттамасына қойылатын талаптарға сәйкестіліктің жоспарлық деңгейін және стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктердің қамтылу деңгейін айқындаиды;

9) архитектураның шаблондарын басшылыққа ала отырып, ақпараттық қамтамасыз етудің және стратегиялық маңызы бар функционалдық мүмкіндіктерді автоматтандырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету және толыққанды қамту бойынша ұсыныстар тізбесін сипаттайтын және басымдық береді;

10) архитектураның шаблондарын басшылыққа ала отырып ақпараттық жүйелердің құрылымына, ауқымына, қуаттылығына, интеграциясына, функционалдық шекарасына және архитектурасына қойылатын талаптарды айқындаиды;

11) ақпараттық жүйелер моделінің мақсатты жай-күйін қалыптастырады;

12) ақпараттық жүйелерді интеграциялау моделінің нысаналы жай-күйін ақпараттық өзара іс-қимыл жасау моделінің нысаналы жай-күйінің талаптарына сәйкес интеграциясының нысаналы жай-күйін қалыптастырады;

13) нәтижелерді мүдделі тараптармен талқылау үшін ақпараттық жүйелер архитектурасының түйіндемесін қалыптастырады.

48. АК-инфрақұрылымын әзірлеу шеңберінде сервистік интегратор келесі міндеттерді орындаиды:

1) мемлекеттік органның АК-инфрақұрылымының қолданыстағы компоненттерінің тізбесін, сипаттамасын және орналасқан жерін айқындаиды;

2) АК-инфрақұрылым моделінің ағымдағы жай-күйін сипаттайты;

3) АК-инфрақұрылымы компоненттерін функционалдық модельдің нысаналы жай-күйімен, ақпараттық жүйелер моделімен және ақпараттық жүйелердің интеграциясы моделімен салыстырады;

4) АК-инфрақұрылымы компоненттерін ақпараттық жүйелерді ақпараттандыру обьектілерін жіктеу ережесіне және Заңың 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілетін, ақпараттандыру обьектілерінің жіктеуішіне сәйкес жіктейді, және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ақпараттық жүйенің сыныбына сәйкестігін айқындайды;

5) функционалдық емес сипаттамаларға қойылатын талаптарды қалыптастырады және АК-инфрақұрылымының ағымдағы компоненттерінің аталған талаптарға сәйкестігін айқындайды;

6) жүктеменің ағымдағы деңгейін және АК-инфрақұрылымы компоненттерінің ағымдағы жай-күйін, соның ішінде шығару мерзімдерінің және техникалық қолдау, сондай-ақ өтемпұл мерзімдерінің аяқталуын айқындайды;

7) АК-инфрақұрылымы компоненттерін енгізу, уақтылы толық немесе бөлшектеп алмастыру, шоғырландыру, стандарттау, жаңарту және (немесе) пайдаланудан шығару бойынша ұсыныстар тізбесін қалыптастырады және басымдық береді, сондай-ақ "электрондық әкімдік" архитектурасының шаблондарын және (немесе) үлгі шаблондарын басшылыққа ала отырып, АК-инфрақұрылымы компоненттерінің орналасқан жерін өзгерту және (немесе) қайта орналастыру туралы ұсыныстарды қалыптастырады;

8) АК-инфрақұрылымы моделінің нысаналы жай-күйін ақпараттық жүйелер қызметінің мақсатты архитектурасы талаптарына сәйкес қалыптастырады;

9) нәтижелерді мүдделі тараптармен талқылау үшін АК-инфрақұрылымы архитектурасының түйіндемесін қалыптастырады.

49. Қызметті уәждемелеудің нысаналы жай-күйі, қызметтің моделі, функционалдық моделі, деректер моделі, ақпараттық өзара іс-қимыл жасау моделі, ақпараттық жүйелері моделі, деректер моделі, ақпараттық өзара іс-қимыл жасау моделі, ақпараттық жүйелердің интеграциялану моделі, АК-инфрақұрылымы моделі жергілікті мемлекеттік органдар үшін "электрондық үкіметтің" үлгілік архитектурасы негізінде қалыптастырылады.

50. Ақпараттық жүйелер моделінің, ақпараттық жүйелердің интеграциясы моделінің және АК-инфрақұрылымы моделінің мақсатты жай-күйін әзірлеу нәтижелері бойынша сервистік интегратор бағдарламалық өнімнің архитектуралық дизайнын әзірлейді, олар мыналарды қамтиды:

1) бағдарламалық өнімнің жалпы сипаттамасы;

2) іске асыру қағидаларын, талаптарды және шектеулерді сипаттау;

3) автоматтандыратын функциялар мен бизнес-процестерді сипаттау;

- 4) бағдарламалық өнімнің компоненттерін сипаттау;
- 5) бағдарламалық өнімнің қажетті интеграцияларын сипаттау;
- 6) бағдарламалық өнімнің функционалдық емес талаптарын сипаттау.

51. Архитектураның әрбір қабатын әзірлеу шенберінде сервистік интегратор мыналарды орындаиды:

1) архитектураның ұсыныстар берілмеген компоненттерін анықтау үшін архитектура модельдерінің ағымдағы және нысаналы салыстырылуын қамтамасыз етеді;

2) архитектура компоненттері арасында қайшылықтар мен тартыстарды, сондай-ақ архитектурадағы артық компоненттерді анықтау мақсатында нысаналы архитектураның толықтығын, тұтастығын және тиімділігін тексеруді қамтамасыз етеді;

3) ведомствоаралық деңгейде архитектура компоненттерін және стандарттық шешімдерді қайталап пайдаланудың мүмкіндіктерін айқындаиды.

52. Міндеттердің әр қайсысын орындау нәтижелері бойынша сервистік интегратор архитектураның жобасын әзірлеудің аралық нәтижелерін мемлекеттік органдармен талқылау мен келісуді іске асырады.

53. Архитектура қабатын аяқтау жұмыстарын аяқтау нәтижелері бойынша сервистік интегратор мемлекеттік орган үшін архитектураны әзірлеу нәтижелерін таныстыруды жүргізеді.

54. Талқылаулар мен таныстырулар нәтижелері бойынша сервистік интегратор архитектура жобасына қажетті өзгерістер енгізеді.

55. Жұмыстар аяқталған соң жұмыстардың нәтижелері оның әдіснамалық қамтамасыз етілуіне сәйкес ресімделеді және жүйелендіріледі.

56. Мемлекеттік орган, уәкілетті орган және сервистік интегратор арасындағы архитектура жобасы шенберіндегі даулы мәселелер Ақпараттандыру саласындағы сараптамалық кеңестің қарауына шығарылады (бұдан әрі - сараптамалық кеңес).

57. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы архитектурасының жобасы жергілікті атқарушы органымен келісгеннен кейін мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органға келіслуге жолданады.

58. Мемлекеттік органархитектура жобасына келісім берілгеннен кейін сервистік интегратор мемлекеттік органдарымен ақпараттандыру саласындағы мониторинг, талдау және жоспарлау үшін әрі қарай пайдалану, өзге мемлекеттік органдарымен сараптамалық кеңесте архитектура жобасын әрі қарай келісу үшін архитектуралық порталға архитектураның жобасы туралы ақпаратты орналастырады.

59. Мемлекеттік орган архитектураның келісілген жобасын осы Қағиданың 2-тарауының 4-параграфына сәйкес Заның 9-бабының 5) тармақшасына және 10-бабының 5) тармақшасына сәйкес Сараптамалық кеңестің қарауына енгізеді.

### **3-параграф. Архитектураны іске асыруды жоспарлау**

60. Сараптамалық кеңес архитектураның жобасын келіскеннен кейін сервистік интегратор архитектураны іске асыруды жоспарлауға көшеді.

61. Архитектураны іске асыруды жоспарлау АКТ-жобаларды орташа мерзімді (бір жылдан екі жылға дейін) және ұзақ мерзімді (үш жылдан бес жылға дейін) келешекте қамтиды.

62. Архитектураны іске асыруды жоспарлау АКТ-жобаларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, АКТ-жобалары арасындағы өзара іс-қимылдарды есепке алуды және архитектураның барлық қабаттары шенберінде өзгерістер енгізуі қамтиды.

63. Архитектураны іске асыруды жоспарлау кезінде архитектураны әзірлеудің мақсаттары, міндеттері және нысаналы көрсеткіштері, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, сондай-ақ архитектураны іске асуру мерзімдері, құны және ресурстары есепке алынады.

64. Архитектураны іске асыруды жоспарлау шенберінде сервистік интегратор келесі міндеттерді орындайды:

1) ағымдағы АКТ-жобаларды талдайды және олардың нысаналы архитектураның компоненттеріне сәйкестігін талдайды;

2) ағымдағы АКТ-жобаларға кешенді талдау жүргізеді және АКТ-жобалардың ағымдағы портфелінің тиімділік дәрежесі туралы қорытындыларды қалыптастырады;

3) ағымдағы АКТ-жобалармен қамтылмаган нысаналы архитектураның компоненттерін анықтайды;

4) ағымдағы АКТ-жобаларды шоғырландыру, уақытша тоқтату, іске асырудан бас тарту немесе қайта қарау бойынша ұсыныстарды қалыптастырады, соның ішінде, нысаналы архитектура компоненттерінің басымдығын, бюджетін, мерзімдері мен іске асуру ауқымын өзгертуді қамтиды;

5) нысаналы архитектураның барлық компоненттерін қамту үшін АКТ-жобалардың ағымдағы портфеліне қосымша АКТ-жобалардың құрамы айқындалады;

6) АКТ-жобалардың нысаналы портфелін қалыптастырады, оларға АКТ-жобаларды қайта қарау бойынша ұсыныстар есебі кіреді;

7) АКТ-жобаларды сипаттауды жүргізеді;

8) Архитектура әзірлемесінің мақсаттарға, міндеттерге және нысаналы көрсеткіштерге сәйкестігін бағалайды, және қажет болған жағдайда АКТ-жобалардың және архитектура компоненттерінің құрамы мен мазмұнын көздейді;

9) инвестициялардың, нысаналы көрсеткіштердің және АКТ-жобалардың болжамды тиімділігі мен күтілетін болжалдарын қамтитын нысаналы портфелінің түйіндемесін қалыптастырады, АКТ-жобалардың қолданыстағы және нысаналы портфелінің көрсеткіштерін салыстыру;

10) жүргізілетін өзгерістердің кезеңдерін сипаттау үшін архитектураны өтпелі жай-күйін сипаттаумен архитектураны іске асырудың жоспар-кестесін қалыптастырады.

65. АКТ-жобаларды сипаттау шеңберінде сервистік интегратор мынадай міндеттерді орындаиды:

1) АКТ-жобаның мақсатын, міндетін, нәтиженің күтілетін көрсеткіштерін, сондай-ақ мазмұны мен ауқымын қоса алғанда АКТ-жобаның сипаттамасын келтіреді;

2) АКТ-жобаның санатын айқындаиды (ведомствоішлік, ведомствоаралық, салалық);

3) АКТ-жобаның мұдделі тараптарын айқындаиды (тапсырыс беруші, меншік иесі, иесі, орындаушы);

4) нысаналы архитектураның стратегиялық басымдықтарымен, функционалдық мүмкіндіктерімен және компоненттерімен өзара байланысты айқындаиды;

5) ақпараттандыру объектісінің сыныбын айқындаиды немесе түзетеді;

6) АКТ-жобасын іске асырудың оңтайлы форматын таңдайды, соның ішінде сервистік бағдарламалық өнімдерді, дайын және стандарттық шешімдерді енгізу, қолданыстағы ақпараттық жүйелерді құру, дамыту немесе есептен шығару;

7) АКТ-жобаны іске асырудың қауіптері мен тәуекелдерін айқындаиды, сондай-ақ олардың туындауына уақтылы әрекет ету әдістері;

8) АКТ-жобасын қаржыландырудың қажеттігі мен оңтайлы моделін айқындаиды;

9) Архитектураны әзірлеудің мақсаттары, міндеттері және нысаналы көрсеткіштеріне сәйкес АКТ-жоба бюджетінің шектерін айқындаиды;

10) Ведомствоішлік, салалық және ведомствоаралық АКТ-жобалары арасындағы басымдықты және тәуелділіктерді айқындаиды, оларды іске асырудың реттілігі мен мерзімдерін орнатады;

11) АКТ-жобаны іске асырудың басты кезеңдерін және осы кезеңдердің әр қайсысы бойынша күтілетін нәтижелерді айқындаиды;

12) қолданыстағы АҚТ-жобаларды қайта қарау бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

66. АҚТ-жобаларды сипаттау және архитектураны іске асыру жоспар-кестесін құру нәтижелері бойынша сервистік интегратор мемлекеттік органның мүдделі тараптарымен АҚТ-жобалардың құрамы мен мазмұнын талқылауды іске асырады.

67. Архитектураны іске асыру жоспар-кестесін және АҚТ-жобаларды талқылау нәтижелері бойынша сервистік интегратор мемлекеттік органға арнап нәтижелерді таныстыруды жүргізеді.

68. Мемлекеттік орган архитектура жобасының нәтижелерін архитектураның мақсаттарына, міндеттерімен көрсеткіштеріне қатысты бағалауды жүргізеді.

69. Талқылаулар және таныстырулар нәтижелері бойынша сервистік интегратор архитектураны іске асыру жоспар-кестесіне қажетті өзгерістер енгізеді және АҚТ-жобалары сипаттайды.

70. Жоспарлау нәтижелерін (архитектураны іске асыру жоспар-кестесі және АҚТ-жобаларын сипаттау) мемлекеттік орган келіседі және архитектура жобасына енгізіледі.

71. Сервистік интегратор мемлекеттік органдардың ақпараттандыру саласында мониторинг, талдау және жоспарлау өткізуге келешекте пайдалану үшін архитектураның толықтырылған жобасы туралы ақпаратты архитектуралық порталға орналастырады.

72. Мемлекеттік орган іске асыруды жоспарлау нәтижелерімен келісілген және толықтырылған архитектура жобасын осы Қағидалардың 2-тарауының 4-параграфына, Заңың 9-бабының 5) тармақшасына және 10-бабының 5) тармақшасына сәйкес Сараптамалық кеңестің қарауына енгізеді.

#### **4-параграф. Архитектураны келісу және бекіту**

73. Сараптамалық кеңес архитектура жобасын қарауды және келісуді осы Қағидалардың 73-тармағында айқындалған мерзімдерде іске асырады.

74. Сараптамалық кеңес архитектураның жобасын қарау және келісу шенберінде төмендегіні қамтамасыз етеді:

1) мемлекеттік органдар мен сервистік интегратор арасында архитектураның жобасын әзірлеу және іске асыруды жоспарлау процесінде туындайтын даулы мәселелерді алқалы шешу;

2) архитектураның әзірленетін жобасының толықтығы мен сапасын бағалау, талқылау және оны қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды қалыптастыру.

75. Сараптамалық кеңес Ережелердің 74-тармағының талаптарын сақтаған жағдайда, Сараптамалық кеңестің жұмыс органына құжаттар келіп түскен

күннен бастап қырық бес күн ішінде архитектураның жобасын қарастырады және келісуі жөнінде шешім қабылдайды.

76. Сараптамалық кеңес:

1) архитектура жобасын төмендегі мәндерге қарастырады:

шешім қабылдауға қажетті ақпараттың толықтығы мен жеткілікті болуы;

қызметтің аралас бағыттары мен ведомствоаралық өтпелі функциялар шеңберінде бірнеше мемлекеттік органның архитектуралары арасында қайшылықтарды жою;

ақпараттандыру бойынша ведомствоаралық көрсеткіштерге қол жеткізу;

архитектураның компоненттерін қайталап пайдалану мүмкіндігі;

2) архитектураны іске асыруды төменгі мәндер бойынша жоспарлау нәтижелері:

АКТ-жобалардың нысаналы портфелінің артықшылығы мен толықтығын бағалау;

ведомствоаралық және салалық АКТ-жобалардың басымдығы;

ведомствоаралық АКТ-жобаларды іске асыруды үйлестіру;

архитектураны және ақпараттандырудың АКТ-жобаларын іске асыру көрсеткіштерін бағалау;

АКТ-жобаларының және жекелеген АКТ-жобалардың нысаналы портфелінің құнын бағалау және түзету.

77. Қажеттігі бойынша Сараптамалықкеңес архитектураның жобасы бойынша ұсыныстар береді.

78. Сараптамалықкеңестің ұсыныстары болған жағдайда, мемлекеттік орган, Сараптамалық кеңестің шешімінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес немесе осындай мерзім көрсетілмеген жағдайда, Сараптамалық шешім шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей архитектураның пысықталған жобасын Сараптамалық кеңеске қайталап жолдайды.

79. Сараптамалық кеңес ұсыныстар болмаған жағдайда, және олар жойылған жағдайда архитектура жобасына келіседі.

80. Сараптамалық кеңестің келісу нәтижелері бойынша архитектура жобасы бекітіледі және іске асыруға жатады.

81. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы орган архитектурасының жобасы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің жергілікті атқарушы органын қамтиды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігімен бекітіледі.

82. Мемлекеттік орган архитектуралық порталда бекітілген архитектура туралы ақпаратты көрсетеді.

83. Мемлекеттік органдар ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру ережесіне және бекітілген архитектураның талаптарына сәйкес архитектураны іске асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлар жасайды.

84. Мемлекеттік орган архитектура бекітілгеннен кейін Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне оларда архитектураны іске асырудың нысаналы көрсеткіштерін және жекелеген АКТ-жобалары нәтижелерінің көрсеткіштерін көрсете мақсатында өзгерістер енгізуді бастамашылық етеді.

85. Санатына қарай, АКТ-жобалар мен олардың нәтижелерінің көрсеткіштері Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында:

- 1) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында ішкі ведомствоның АКТ-жобаларда;
- 2) салалық және мемлекеттік бағдарламаларда салалық АКТ-жобаларда;
- 3) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бағдарламада ведомствоаралық АКТ-жобаларда айқындалады.

86. Мемлекеттік орган бекітілген архитектура шеңберінде мыналарды орындайды:

- 1) Ақпараттандыру саласында мемлекеттік инвестициялық жобаларды және тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды сатып алуды бастамалау;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қолданыстағы АКТ-жобаларды шоғырландыру, уақытша тоқтату, өзгерту, қайта қарау және іске асырудан бас тарту.

87. АКТ-жобаларды сипаттау негізінде таңдалған қаржыландыру көзіне қарай мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес АКТ-жобалардың қажетті техникалық және жобалық құжаттамасын әзірлейді және (немесе) әзірлеуді ұйымдастырады.

88. Бекітілген архитектураның, архитектура модельдерінің және бағдарламалық өнімдердің архитектуралық дизайндарының мазмұны әрі қарай іске асырылуы үшін төмендегілердің құрамына енгізіледі:

- 1) АКТ-жобалардың техникалық және жобалық құжаттамасы;
- 2) Конкурстық құжаттама және ақпараттандыру саласында тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар.

89. Мемлекеттік орган Заңның 7-бабының 4) тармақшасына сәйкес бекітілетін ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру ережесіне сәйкес сервистік бағдарламалық өнімдерді әзірлеуді бастамашылық етеді.

90. Сервистік интегратор архитектураны іске асыру мақсатында АК-инфрақұрылымы операторын және әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік органдарды ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру шеңберінде мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік қызметтерді автоматтандырумен

байланысты тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты қажеттіктері туралы ақпараттандырады.

91. Мемлекеттік орган бекітілген архитектураға сәйкес ақпараттандыру объектілеріне қызмет көрсету деңгейіне қойылатын талаптарды айқындаиды.

92. Бекітілген архитектура мен жекелеген АҚТ-жобаларды орындаудың тиімділігін, нәтижелілігін және тәуекелдерін шынайы және объективтік бағалауды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысымен 2016 жылғы 28 қантардағы № 128 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2016 жылғы 29 ақпандағы №13320 тіркелген) Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін тіркеу, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру ережесіне сәйкес архитектуралық порталда "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің мәртебесі туралы мәліметтерді есепке алууды қамтамасыз етеді.

### **3-тaraу. Архитектураның іске асырылуын қолдап отыру тәртібі**

93. Архитектураның іске асырылуын қолдап отыру келесі тәртіпте орындалады:

- 1) архитектураға сәйкестікті бағалау;
- 2) архитектураны басқару жөніндегі процестердің дайындау деңгейін бағалау;
- 3) мемлекеттік органды архитектурасына өзгерістер енгізу.

#### **1-параграф. Архитектураға сәйкестікті бағалау**

94. Архитектураға сәйкестікті бағалау бекітілген архитектурадағы ақпараттандырудың құрылатын және дамитын объективтіне қойылатын талаптарды айқындау, келісу және олардың өзгерітілуін негіздеу мақсатында іске асырылады.

95. Архитектураға сәйкестікті бағалау АҚТ-жобалардың бекітілген архитектураның талаптарына келесі кезеңдерде сәйкестікті айқындау арқылы жүргізіледі:

- 1) АҚТ-жобаны жоспарлау;
- 2) АҚТ-жобаның инвестициялық кезеңі;
- 3) АҚТ-жобаның инвестициялаудан кейінгі кезеңі.

96. АҚТ-жобаны жоспарлау кезеңінде архитектураға сәйкестікті бағалау келесі жолдармен іске асырылады:

1) жобалық құжаттаманың "электрондық әкімдіктің" бекітілген архитектурасын және үлгілік архитектураны, "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамытуға қойылатын талаптарға сәйкестілігіне сараптама;

2) ақпараттандыру саласында тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға шығындардың есебіне сараптама жасау.

97. Мемлекеттік орган архитектураны бекіткенге дейін ақпараттандыру саласында бюджеттік бағдарламалар бойынша шығындарды жоспарлауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген) Бюджеттік етінімді құру және ұсыну ережесіне сәйкес іске асырады.

98. Мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін жобаларды басқару жөніндегі стандарттарға сәйкес АКТ-жобаларын іске асыруды жүзеге асырады, оның ішінде ҚР СТ 21500-2014 жобаларды басқару жөніндегі нұсқау.

99. Мемлекеттік органдар үшін архитектураны бекіткенге дейін архитектураға сәйкестікті бағалау мемлекеттік басқарудың сабактас және түйіскен салаларына қатысты жүргізіледі.

100. АКТ-жобаның инвестициялық кезеңінде архитектураға сәйкестігін бағалау келесі жолдармен іске асырылады:

1) АКТ-жобаларды мемлекеттік сатып алу жоспарларын, сатып алынатын ақпараттандыру объектілерінің архитектураға сәйкестігі мәніне мемлекеттік сатып алу жүргізу фактілері мен техникалық ерекшеліктерін бағалау;

2) Ақпараттандыру объектілерін пайдалануга енгізу кезеңдерінде АКТ-жобалардың сипаттамаларын, құрамын және мазмұнын бағалау;

101. АКТ-жобаның инвестициялаудан кейінгі кезеңінде архитектураға сәйкестігін бағалау келесідей іске асырылады:

1) АКТ-жобаларының мақсаттары мен нәтижелері көрсеткіштерін Мемлекеттік сатып алу жүйесінің қолданыстағы мақсаттарына, міндеттері мен нысаналы көрсеткіштеріне сәйкестігін бағалау;

2) ақпараттандыру объектілерінің технологиялық тәуекелдерінің болуын, сондай-ақ, қызметтің тиімділігін арттыруға арналған инновациялық келешегі бар технологиялардың болуын бағалау;

3) функционалдық мүмкіндіктердің жай-күйін бағалау;

4) АКТ-жобасын іске асыру нәтижелерінің мүдделі тараптардың болжалдарына және әлеуметтік-экономикалық ахуалына сәйкестігін бағалау.

102. Архитектураға сәйкестікті бағалау нәтижелері бойынша сервистік интегратор АКТ-жобаның және архитектуралық компоненттердің сәйкестігінің деңгейі туралы қорытынды шығарады, соның ішінде:

- 1) архитектураға сәйкес келмейді;
- 2) архитектураға ішінара сәйкес келеді;
- 3) архитектураға толық сәйкес келеді.

103. АКТ-жобасын іске асыру нәтижелерінің бекітілген архитектураға сәйкесіздігі немесе ішінара сәйкестігі жағдайында, сервистік интегратор АКТ-жобаларды іске асыру нәтижелерін пысықтау бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

104. Бекітілген архитектураға сәйкесіздік жағдайында және АКТ-жобалары нәтижелерін пысықтау мүмкіндігі болмаған кезде, сервистік интегратор, осы Қағидалардың 3-тарауының 3-параграфына сәйкес, мемлекеттік органның бекітілген архитектурасын өзгертуге еркін нысанда өтінім әзірлейді (бұдан әрі – өзгертуге өтінім беру).

## **2-параграф. Архитектураны басқару жөніндегі процестердің дайындау деңгейін бағалау**

105. Сервистік интегратор жыл сайынғы негізде 30 қарашаға дейін әдіснамалық қамтамасыз етуге сәйкес архитектураны басқару бойынша процестердің әзірлік деңгейіне бағалау жүргізеді.

106. Архитектураны басқару бойынша процестердің әзірлік деңгейін бағалау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) бекітілген архитектураның нақты орындалған мөлшері;
- 2) бекітілген архитектураны іс жүзінде пайдаланудың ауқымы және толықтыры;
- 3) бекітілген архитектураны іске асырудың нәтижелілігі.

107. Архитектураны басқару бойынша процестердің әзірлік деңгейін бағалау Сараптамалықкеңестің сауалы бойынша кезектен тыс негізде жүргізіледі.

108. Архитектураны басқару жөніндегі процестердің әзірлік деңгейін бағалау архитектураны іске асыруға мониторинг жасау және архитектуралық порталдың мәліметтерін пайдалана отырып, архитектураға сәйкестікті бағалау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

109. Архитектураны басқару жөніндегі үдерістердің әзірлік деңгейін бағалау нәтижелері 2015 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушысының № 1279 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметтінің тиімділігін бағалау әдістемесінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 12961 болып

тіркелген) талаптарына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу кезінде қолданылады.

110. Архитектураны басқару бойынша процестердің әзірлік деңгейін бағалау нәтижелерін сервистік интегратор архитектураны іске асыру бойынша жұмыстардың барысы туралы есепке енгізіледі және жылына бір рет Сараптамалық кеңестің қарауына енгізіледі.

111. Архитектураны іске асыру бойынша жұмыстардың барысы туралы есеп келесі ақпаратты қамтиды:

- 1) мемлекеттік органдар тұрғысынан жалпы мәліметтер және жұмыстарды іске асыру мәртебесі;
- 2) архитектураны іске асыру нәтижелерін сипаттау;
- 3) мемлекеттік органдар тұрғысынан болған кемшіліктер мен тәуекелдер, соның ішінде әлеуетті кемшіліктер мен тәуекелдер;
- 4) қорытындылар мен ұсыныстар.

112. Сараптамалық кеңестің архитектураны іске асыру бойынша жұмыстар туралы есепті қарау нәтижелері бойынша, уәкілетті орган бекітілген архитектурага өзгерістерді бастамалауы мүмкін.

### **3-параграф. Мемлекеттік органның архитектурасына өзгерістер енгізу**

113. Мемлекеттік органдар бекітілген архитектурага өзгерістер енгізуге тікелей немесе жанама әсер ететін процестер мен оқигаларға мониторинг жасауды қамтамасыз етеді, соның ішінде:

1) мемлекеттік органның қызметін регламенттейтін, төмендегі өзгерістерге әкеп соғатын Қазақстан Республикасы заңнамасының құрамы мен мазмұнын өзгерту:

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шенберінде мақсаттарды, міндеттерді және нысаналы көрсеткіштер;

ұйымдастырушылық құрылым;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдар тізбесі;

қызметтің бағыттары, құзыреттер мен өкілеттіктер;

мемлекеттік функциялар, және осыдан шығатын мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ оларды орындау процестері;

2) ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, келесі өзгерістер есебімен:

акпарат көздері мен түрлері;

акпаратты сақтау және беру форматтары;

есептілікке қойылатын талаптар;

3) АК-инфрақұрылымы компоненттерінің өтемпұл мерзімдерінің шығуы және тозуы, соның ішінде пайдаланудан шығару немесе бағдарламалық қамтамасыз ету және жабдық өндірушісінің қолдау көрсетуін тоқтатуы.

114. Архитектураны іске асыру қажеттігін іске асыру барысында бекітілген архитектураны өзгерту қажеттігі анықталған жағдайда, мемлекеттік архитектураны өзгертуге өтінім ресімдейді.

115. Уәкілетті орган Заңның 7-бабының 41) тармақшасына сәйкес бекітілген архитектураны іске асыру барысына мониторинг жүргізеді.

116. АКТ-жобаларды іске асыру шенберінде уәкілетті орган АКТ-жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде олардың тиімділігін, нәтижелілігін және тәуекелдерін бағалауды қамтамасыз етеді, соның ішінде:

1) жұмыстарды уақытында жүргізбеу;

2) жұмыстарды толыққанды жүргізбеу;

3) бюджеттерді айтарлықтай көтеру;

4) мақсаттарға және нәтижелік көрсеткіштерге қол жеткізбеу немесе ішінара қол жеткізу, соның ішінде бастапқы жоспарланған қаржылық және әлеуметтік пайдаға қол жеткізбеу;

5) АКТ-жобалардың қажетсіз болуы және пайдаланусыз қалуы;

6) АКТ-жобаларының нәтижелері сипаттамасының ақпараттандыру объектілерін пайдаланушыларға қызмет көрсету және болжалдар деңгейі туралы келісімге сәйкес келмеуі.

117. Бекітілген архитектураны және АКТ-жоабаларды іске асырудың қанағаттанбайтын нәтижелері жағдайында, сондай-ақ бас тартулар негізделмеген жағдайда, уәкілетті орган мемлекеттік органның бекітілген архитектурасын өзгертуге өтінім әзірлейді.

118. Мемлекеттік орган, уәкілетті орган және (немесе) сервистік интегратор архитектураны іске асыру нәтижелері бойынша, архитектураны іске асыру және архитектураға сәйкестікті бағалауга мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша Заңның 23-бабының 2-тармағына сәйкес мыналарды анықтайды:

1) АКТ-жобаларды іске асыру шенберінде архитектураны нақты өзерту;

2) бекітілген архитектураны дамытудағы қажеттіліктер;

3) бекітілген архитектураны дамытудың анықталған қажеттіктері негізінде өзгертулердің нақты ауқымдары.

119. Мемлекеттік органның архитектурасына өзгерістер енгізу бекітілген архитектураны дамыту қажеттігін анықтау нәтижелері бойынша жүргізіледі және өзгеріске өтінім нысанында қажетті өзгерістердің сипатталуы жүргізіледі.

120. Өзгертуге өтінімдер шенберінде мыналар іске асырылады:

1) ұсынылған өзгерістерді сипаттау;

2) өзгерістердің қажеттігіне әсер ететін факторлар мен себептерді сипаттау;

- 3) ұсынылған өзгерістердің мерзімдерін және шүғылдылығын бағалау;
  - 4) ұсынылған өзгерістердің ауқымын бағалау;
  - 5) ұсынылған өзгерістерді іске асырудан күтілетін нәтижелерді бағалау;
- 6) ұсынылған өзгерістерді іске асырумен байланысты салдарларды, тәуекелдер мен шығындарды бағалау.

121. Өзгерістерге берілетін өтінім сарапшылық кеңестің жұмыс органына жолданады.

122. Сараптамалық кеңес бекітілген архитектураны өзгертуге сауалды құнтізбелік бес құн ішінде қарастырады.

123. Сараптамалық кеңес бекітілген архитектураны өзгертуге өтінімді төмендегі мәндерге қарастырады:

- 1) ұсынылған өзгерістердің мақсатқа сәйкестігі және негізділігі;
  - 2) ұсынылған өзгерістерді іске асыру баламасының болуы;
  - 3) ұсынылған өзгерістердің шүғылдығы және уақытылығы;
  - 4) ұсынылған өзгерістердің күрделілігі және іске асырылуы;
- 5) ұсынылған өзгерістердің ведомствоішілік және ведомствоаралық деңгейдегі салдарлары.

6) өзгерістердің басқа мемлекеттік органдардың тәуелді ведомствоішілік, ведомствоаралық және салалық АКТ-жобаларымен келісімділігі.

124. Бекітілген архитектураға және АКТ-жобаларға өзгерістер енгізу мүмкін болмаған жағдайда, мемлекеттік органдар АКТ-жобаның алынған нәтижелерін түзетеді.

125. Бекітілген архитектураны өзгертуге өтінімді қарастыру нәтижелері бойынша Сараптамалық кеңес төмендегілерді іске асырады:

- 1) мақсатқа сәйкесі болмаған жағдайда, іске асырудың баламалары болғанда және ұсынылған өзгерістердің жоғарғы күрделілігі жағдайында бекітілген архитектураны өзгертуге өтінімді кері қайтарады;
- 2) негіздеу жеткіліксіз болғанда және ауқымды, құнын, тәуекелдерді және іске асыру мерзімдерін түзету қажет болған жағдайда, бекітілген архитектураны өзгертуге берілген өтінімді пысықтауға қайтарады;

3) ескертулер және ұсыныстар болмаған жағдайда немесе ескертулер мен ұсыныстар жойылған жағдайда бекітілген архитектураны өзгертуге өтінімді келіседі.

126. Сараптамалық кеңес бекітілген архитектураны өзгертуге өтінімді келісken жағдайда, мемлекеттік орган архитектураны дамытуды бастамашылық етеді.

#### **4-тарау. Архитектураны дамыту тәртібі**

127. Архитектураны дамыту осы Қағидалардың 3-тарауының 3-параграфының талаптарына сәйкес бекітілген архитектураның өзгеруіне берілетін өтінімнің сараптама кеңеспен келісу нәтижелері бойынша бастамашылық алады.

128. Архитектураны дамытудың алғышарттары мына өзгерістер болып табылады:

1) мемлекеттік органның қызметін реттейтін, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нормативтік құқықтық актілер мен құжаттардың құрамы мен мазмұны;

2) мемлекеттік органның АК-инфрақұрылымына және ақпараттық жүйелерге, қызметтің ақпараттық қамсыздандырылуына қойылатын талаптар;

3) ақпараттандыру саласындағы бюджеттік шығыстардың құрылымдары және (немесе) көлемдері.

129. Архитектураны дамыту шүғылдырылған осы Қағидалардың 19 және 25 тармақтарының талаптарына сәйкес бекітілген архитектураның өзгеруіне берілетін келісілген өтінімде анықталған жұмыстарды жүргізуіндегі мерзімдерімен негізделген.

130. Архитектураны дамыту барлық мемлекеттік органның, архитектураның жеке сегменттерінің немесе архитектураның жеке топтарының ауқымында жүзеге асырылады.

131. Архитектураны дамыту осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленген тәртіптегі архитектураны әзірлеуге үқсас түрде жүзеге асырылады.

132. Архитектураны дамыту, ауқымына қарай бекітілген архитектураның өзектенуіне, өзгеруіне және қайта өндөлуіне бөлінеді.

133. Архитектураны өзектендіру архитектураның жеке компоненттерінің ішінана өзгеруімен не болмаса АКТ-жобалардың азаюы бойынша мемлекеттік органның талабымен байланысты, соның ішінде:

1) редакциялық өзгерістер – архитектураның жеке компоненттерінің, олардың дұрыстырылған, қолданылуын және түсініктілігін арттыру мақсатында, мәндерінің атауларын өзгерту және түзету;

2) компоненттерді жою - архитектурадан компоненттерді немесе олардың құрама бөліктерін жою.

134. Архитектураны өзектендеру бойынша жұмыстарды сервистік интегратор уәкілдегі органмен келісіп, сондай-ақ АКТ-жобалардың өзгерістерімен қозғалған, мүдделі тараптар болып табылатын және (немесе) өзгерістерге бастамашылық еткен мемлекеттік орган жүргізеді.

135. Архитектураны өзектендіру, сарапшы кеңестің бекітілген архитектураны өзгертуге берілген өтінімін келісу кезінен бастап, екі айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

136. Архитектураны өзгерту, архитектураның бір тобынан немесе сегментінен аспайтын компонентін түзету қажеттілігімен, немесе АКТ-жобалардың бекітілген архитектурасында көзделген қосымша нәтижелерді алу бойынша мемлекеттік органның талабымен байланысты:

1) компоненттерді қайта қарау – архитектура компоненттерін ауыстыру;

2) құрылымдық өзгерістер – архитектура компоненттерінің арасындағы құрылымдағы, құрамдағы, қатынастардағы өзгерістер;

3) компоненттерді қайта үlestіру – архитектура компоненттерін немесе олардың құрама бөлшектерін біріктіру, бөлу не болмаса ауыстыру.

137. Бекітілген архитектураны өзгерту бойынша жұмысқа қатысуға уәкілетті органның, сервистік интегратордың, сондай-ақ жүргізіліп жатқан өзгерістермен қозғалған, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері мен ведомствоның ұйымдарының қызметкерлері тартылады.

138. Архитектураның өзгеруі, архитектураны іске асыруды сүйемелдеу шеңберінде, бекітілген архитектураны өзгертуге берілетін өтінімді сарапшы кеңеспен келісу сәтінен бастап үш айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

139. Архитектураны өндіру тұжырымдамалық және тұбегейлі өзгерістерді өткізу қажеттілігімен немесе архитектураның екі немесе одан артық сегментін қозғайтын, архитектураның жаңа компоненттерін қосу арқылы АКТ-жобалардың санын арттыру бойынша мемлекеттік органның талабымен байланысты.

140. Бекітілген архитектураны қайта өндіру бойынша жұмысқа, мемлекеттік органның барлық құрылымдық бөлімшелері мен ведомствоның ұйымдарының қызметкерлері тартылады.

141. Архитектураны қайта өндіру, осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес, архитектураны әзірлеу үшін белгіленген тәртіpte және мерзімде жүзеге асырылады.

142. Архитектураны дамыту бойынша қажетті шығыстар көлемі тиісті мерзімге арналған мемлекеттік органның бюджеттік өтініміне енгізіледі.

143. Архитектураны дамыту бойынша жұмыс нәтижелері архитектура жобасы түрінде ресімделеді және осы Қағидалардың 2-тарауының 4-параграфына сәйкес сарапшы кеңеспен келесілуі тиіс.

144. Облыстың, республикалық мәні бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының архитектурасын дамыту бойынша жұмыс нәтижелері, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға келісуге жіберіледі.

145. Сарапшы кеңестің келісу нәтижелері бойынша архитектураны дамыту жобасы бекітіледі және іске асырылуы тиіс.

146. Сервистік интегратор архитектуралық порталдағы архитектураны дамыту бойынша жұмыс нәтижелерін көрсетеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК